

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

25.12. 2024 жыл

Қатысқандар: АК төрайымы:

1. Сарыбаева Ә.Х.

Физика кафедрасы, п.ғ.к., доцент

АК мүшелері:

- | | |
|---|--|
| 1. Сарбаева Гүлнар | Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент |
| 2. Жылысбаева Гүлхан Нүрділләқызы | Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент |
| 3. Берді Динара Кадирханқызы | Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 4. Сарбаева Мақпал Тұрсынбайқызы | Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 5. Шектібаев Нұрдаулет Әтенұлы | Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 6. Катпаева Каракоз Абдисейтовна | Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 7. Турганбаева Жаннур Нуртаевна | Математика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 8. Мұратбекова Мөлдір Абдразаховна | Математика кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 9. Тойжигитова Баян Бойтаевна | Биология кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 10. Сейтметова Айман Мараимовна | Биология кафедрасы, б.ғ.к. доцент м.а. |
| 11. Умиров Бауыржан Зайтович | Биология кафедрасы, магистр оқытушы |
| 12. Беласарова Шынар Мағжанқызы | Экология химия кафедрасы, аға оқытушы |
| 13. Алтынбек Динара Нысанбайқызы | Математика кафедрасы, оқытушы |
| 14. Кошанова Гулназира Данебековна | Математика кафедрасы, пед.ғ.к., аға оқытушы |
| 15. Аймешов Жеңіс Абдыхалықұлы | Математика кафедрасы, оқытушы |
| 16. Миндетбаева Ақнұр Амангелдіқызы | Н.Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары |
| 17. Азретбергенова Жаңыл Жарылқасынқызы - | №23 ІТ Мектеп-лицейі директоры, |
| 18. Ускенова Раушан Аргынгазыевна | Түркістан кәсіби- педагогикалық колледжінің директоры |
| 19. Уалиханова Баян Сапарбековна | Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ «Физика» кафедрасы меңгеруші, PhD |
| 20. Сейлхан Ақниет Апбасқызы | 7M01506-Физика ББ магистранты, 2-курс |
| 21. Дәнебек Ақерке | 7M01507-Биология ББ магистранты, 1-курс |
| 22. Ергешбай Нұрайым Қыдырбайқызы | 6B01513-Биология ББ студенті 3-курс |
| 23. Хабибуллаев Алимжан Гайратұлы | 6B01509-Математика ББ студенті, 4-курс |
| 24. Зұлғар Лаура Музафарқызы | 7M01547-Математика ББ студенті, 2-курс |
| 25. Уәлиханова Алмагүл Шоқанқызы | 8D01503-Физика ББ докторанты, 1-курс |
| 26. Жадыгер Сымбат Мейрбекқызы | 6B01573 – Информатика, АКТ және робототехника ББ студенті, 4-курс |
| 27. Абдулатипов Абдувосит Жумадуллаұлы | 7M01557-Информатика ББ магистранты, 2-курс |
| 28. Уксикбаев Еркебулан Зейнуллаевич | 8D01516-Информатика ББ докторанты, 1 курс |

- | | |
|-----------------------------------|--|
| 29. Оралбай Нұрай Нұркенқызы | 6B01512-Химия ББ студенті, 4-курс |
| 30. Шерімбекова Айымгүл Полатқызы | 6B01562-Химия-Биология ББ студенті, 2 - курс |
| 31. Диас Сындыбай Ерланұлы | 6B01514 -География БББ студенті, 3 курс |
| 32. Әшім Айман Мұсырманқұлқызы | 6B01510-Физика ББ студенті, 4 -курс |

Қатыспағандар: -

Күн тәртібі:

1. 2024-2025 оқу жылына ББ аудиттері және шешімдерін қабылдау (қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу)
2. ББ сапасын жақсарту мақсатында ББ-ның күшті және әлсіз жақтарын бағалау (SWOT талдау), жақсарту ұсыныстары
3. Қараша-Желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Сарыбаева Ә.Х.: Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде 2024-2025 оқу жылына ББ аудиттері және шешімдерін қабылдау (қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу), ББ сапасын жақсарту мақсатында ББ-ның күшті және әлсіз жақтарын бағалау (SWOT талдау), жақсарту ұсыныстары, қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылаған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, Н.А.Шектібаев алды:

Бірінші мәселе бойынша, 2024-2025 оқу жылына ББ аудиттері және шешімдерін қабылдау (қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу) мәселесіне тоқталсақ.

Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау Бағыты бойынша барлық ББ талапқа сай жасалынған. Қазіргі уақытта қолданыстағы 6B01509-Математика(IP); 6B01509-Математика; 6B01510-Физика (IP); 6B01510-Физика; 6B01573-Информатика(IP); 6B01573-Информатика, АКТ және робототехника; 6B01512-Химия(IP); 6B01512-Химия; 6B01562-Химия-Биология(IP); 6B01562-Химия-Биология; 6B01513-Биология(IP); 6B01513-Биология; 6B01514-География(IP); 6B01514-География - ББ жалпы мазмұны талаптарға сай және өзектілігін жоғалпаған, қолданыста қалады. Дегенмен келешекте өзгерістерге сай жаңа пәндер немесе пән модульдеріне қосымша енгізуді қарастыру қажет, мысалы, атап айтқанда инклюзивті білім беру, жасанды интеллект. Сонымен қатар 7M01506-Физика; 7M01547-Математика; 7M01557-Информатика; 7M01535-Химия; 7M01507-Биология; 8D01502-Математика; 8D01503-Физика; 8D01516-Информатика магистратура, докторантура бойынша білім беру бағдарламалары өзгеріссіз қалатындығын айтты.

Сонымен қатар, университетіміз ayu.edu.kz порталынан Platonus 6.0 жүйесіне ауысу жұмыстарын байланысты, жүйеде инновациялық (IP) ББ қолданыстағы ББ-мен бірдей шифрмен енгізілген. Алайда Platonus 6.0 жүйесінде бірдей шифрмен екі ББ қабылдау мүмкіндігі қарастырылмағандықтан, төменде көрсетілген инновациялық ББ шифрін <https://erpo.kz/> да төмендегіше ауыстырылды. Барлық құжаттамаларда ББ шифрін сәйкесінше өзгерістермен төмендегідей толтырылды:

- | | | |
|------------|------------------|-----------|
| 1. 6B01509 | Математика (IP) | - 6B01529 |
| 2. 6B01510 | Физика (IP) | - 6B01520 |
| 3. 6B01573 | Информатика (IP) | - 6B01521 |
| 4. 6B01512 | Химия (IP) | - 6B01522 |
| 5. 6B01513 | Биология (IP) | - 6B01523 |
| 6. 6B01514 | География (IP) | - 6B01524 |

АК мүшесі, академиялық персонал – Д.Н.Алтынбек:

Екінші мәселе бойынша пікірімді білдірсем, ББ сапасын жақсарту мақсатында ББ-ның күшті және әлсіз жақтарын бағалау (SWOT талдау), жақсарту ұсыныстары бойынша қарастырсақ.

SWOT – талдау

S (strengths) – Күшті жақтары(ықтимал позитивті ішкі факторлар)	
1.	Ұлттық және халықаралық рейтингтерде университет елдің және аймақтың үздік оқу орындарының қатарына кіруі.
2.	Заманауи талаптарға жауап беретін жаңа кітапхананы пайдалануға беруі, Халықаралық ғылыми базалардың толық мәтіндерге қол жетімділігі.
3.	Студенттерді ағылшын және түрік тілдеріне оқытуға бағытталған бағдарламалардың болуы, «тілді жетілдіру курсының (Foundation)» болуы, ТТЕ гранты бойынша білім алушылар үшін тегін курстар ұйымдастыруы.
4.	Тілдерді оқыту мүмкіндігі (түрік, қазақ, ағылшын және орыс тілдері).
5.	Түркия Республикасының озық жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісім-шарттардың болуы.
6.	Профессор-оқытушылар құрамының, кафедралар мен факультеттердің жұмыс нәтижелері бойынша еңбекті бағалау және ынталандыру жүйесінің болуы.
7.	Дарынды және талантты жастарды ғылыми ізденіске бейімдеу жүйесін жаңарту және дамыту («Ясауи пәндік олимпиадасы», «Дарын» РҒПО-мен тікелей байланыс).
8.	Дуальді оқыту жүйесінің болуы.
9.	Барлық стейкхолдерлердің білім беру бағдарламасын әзірлеуге және бағалауға қатысуының жоғары деңгейі.
10.	Білім беру бағдарламасының ЭПК білім алушылардың оқу пәндерін таңдау және жеке білім беру траекториясын қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
11.	Практикаға бағытталған оқыту.
12.	Жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмыстары ұйымдастырылуы, білім алушылар контингентінің серпінді өсуі.
13.	Diploma Supplement болуы.
14.	Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде белсенді беттердің болуы.
15.	Кафедра қызметкерлерінің импакт-факторлы шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалары жариялануы;
16.	Ғылыми дәрежесі бар жас ОПК санының артуы;
17.	Кафедра құрамында халықаралық гранттық бағдарламалардың сертификатталған иеленушісінің болуы (Болашақ бағдарламасы, т.б.);
W(weaknesses) – Әлсіз жақтары (ықтимал негативті ішкі факторлар)	
1.	Оқу-зертханалық базаның әлсіздігі, оқу алаңдары мен жатақханалардың жетіспеушілігі.
2.	Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен, оның ішінде түрік университеттерімен қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы.
3.	Біліктілігі мен әлемдік деңгейдегі тәжірибесі бар, елеулі халықаралық іс-шараларды жоспарлауға және іске асыруға қабілетті мамандардың тапшылығы.
4.	ПОҚ-ның зерттеу гранттарын алуға арналған халықаралық конкурстарға төмен қатысуы.
5.	Ағылшын тілін жоғары деңгейде (IELTS 5.0 және одан жоғары) меңгерген ОПК үлесінің жеткіліксіздігі;
6.	Кафедра ғалымдарының ҚР БЖҒМ тарапынан және Ғылым қоры тарапынан

	гранттық қарлыжандару жұмыстарының аздығы
О (opportunities) – Мүмкіндіктер (ықтималды позитивті сыртқы факторлар)	
1.	Университетті екі мемлекет тарапынан қолдау. Түрік университеттерімен кадрларды даярлау, бірлескен зерттеулер жүргізу, студенттердің ұтқырлығы және т.б. ынтымақтастық мүмкіндіктері.
2.	Франчайзинг моделі бойынша жұмыс істеуге дайын Түркия университеттерімен стратегиялық серіктестікті кеңейту – (Gazi University, Middle East Technical University, HacettepeUniversity, Marmara University, Yıldız Technical University).
3.	Жұмыс берушілер тарапынан студенттерді практикаға бағытталған оқытуды құру бойынша бірлескен ынтымақтастық ниетінің болуы.
4.	Білім беру, жастардың ұтқырлығы туралы құжаттарды өзара мойындау мәселесін шешетін білім беру бағдарламаларын үйлестіру мақсатында түркі әлемі университеттері үшін цифрлық платформаны құру түркі әлемі университеттерінің халықаралық рейтингтерде бірлескен ілгерілеуіне ықпал етеді.
5.	Ағылшын және түрік тілдерінде жүргізілетін пәндер тізбесін кеңейту арқылы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелдік жоғары оқу орындарынан келетін студенттер санын арттыру мүмкіндігі.
6.	Қашықтықтан оқыту сапасын жақсарту және оны университеттің білім беру қызметіне кеңінен енгізу арқылы әртараптандырылған қолжетімді сапалы білім беру мүмкіндігі (оқу бағдарламалары, бленд-оқыту).
7.	Түркияда PhD докторантура бағдарламалары бойынша мақсатты оқыту арқылы ғылыми дәрежеленген оқытушылардың үлесін арттыру мүмкіндігі.
8.	Университет ғалымдары мен оқытушыларының ғылыми-гранттық байқауларға (Ғылым комитеті, ҚР Тұңғыш Президенті Қоры, ТУБИТАК, ТИКА, Presidency for Turk sAbroad and Related Communities (YTB) және т. б.) белсенді қатысу мүмкіндігі.
9.	Шетелдік зерттеу институттарымен ынтымақтастық, жетекші халықаралық университеттермен өзара байланыс орнату және бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігі.
Т (threats) – қауіптер (ықтималды негативті сыртқы факторлар)	
1.	Ұлттық және халықаралық деңгейде жоғары білім беру саласындағы жоғары бәсекелестік.
2.	Жас білікті ғылыми дәрежелі кадрлардың тапшылығы.


АК төрағасы Сарыбаева Ә.Х.: Құрметті АК мүшелері 2024-2025 оқу жылына ББ аудиттері және шешімдерін қабылдау (қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу), ББ сапасын жақсарту мақсатында ББ-ның күшті және әлсіз жақтарын бағалау (SWOT талдау), жақсарту ұсыныстары талданды. Жалпы қараша-желтоқсан айында жоспарға сай жұмыстар АК мүшелерімен қарастырылды.

Шешім:
1.«Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша 2024-2025 оқу жылына ББ аудиттері және шешімдерін қабылдау (қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу), ББ сапасын жақсарту мақсатында ББ-ның күшті және әлсіз жақтарын бағалау (SWOT талдау), жақсарту ұсыныстары, қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижелері қабылдансын.

Мәжіліс төрайымы:

Хатшысы:





Ә.Х.Сарыбаева

Г.Д.Кошанова